

19 тамыз
Сейсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

ШИҚҰДЫҚҚА ГАЗ КЕЛДІ

ЕЛ ТҰРҒЫНДАРЫН КӨГІЛДІР ОТЫНМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҮНЕМІ БАСА НАЗАР АУДАРЫП ОТЫРҒАН БАҒЫТТАРДЫҢ БІРІ. ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ АЙНАЛАТЫН БҰЛ МАҢЫЗДЫ ЖОБА АҚТӨБЕ ӨНІРІНДЕ ЖОСПАРЛЫ ТҮРДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП КЕЛЕДІ. ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН ОБЛЫСТЫҢ ГАЗБЕН ҚАМТЫЛУ КӨРСЕТКІШІ 97%-ҒА ЖЕТЕДІ ДЕГЕН ЖОСПАР БАР.



Күні кеше Ойыл ауданының Шиқұдық ауылына газ тарылды. Мектеп, медициналық пункт, ауылдық клуб сияқты әлеуметтік нысандар салынған елдімекенде 26 түтін бар, 169 тұрғын тұрады. Әлия Жайсаңбаева - Ойыл ауданы Шиқұдық ауылының тұрғыны. Ауылдағы медициналық пунктте медбике болып

жұмыс істейді. Асүйдің иесі ретінде Әлия үшін газдың келуі – үлкен қуаныш. Бұрын көмір мен отын дайындауға көп уақыт кететін болса, енді тұрмыс әлдеқайда жеңілдеп, жұмысына да, отбасына да көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік туды. Газ желісін іске қосу салтанатты шарасында Саралжын ауылдық округі ақ-

сақалдар кеңесінің төрағасы Өтесін Қошқаров та, Шиқұдық ауылының тұрғыны Сералы Нұртанов та, жағымды жаңалыққа шексіз риза екендерін жеткізді. Олар бұл күнді ауыл тарихындағы маңызды белес деп бағалап, елді газбен қамтуға үлес қосқан барлық азаматтарға алғыс айтты. Бұл игі істің ауылдың тұрмыс са-

пасын арттырып қана қоймай, жастардың ауылда тұрақтауына да әсер ететінін жасырмады.

«Тілегіміз орындалып ауылымыз газбен қамтылуда. Ең алдымен, бұл ауылымыздың әлеуетін көтереді, жастардың туған жерін түлету үшін осы елде қалуына мүмкіндік береді. Газ тарту жұмыстарына араласқан жұмысшыларға, қолдау көрсеткен Президентке, облыс басшылығына алғысымыз шексіз. Бақытты болыңыздар, ғұмыр жастарыңыз ұзақ болсын. Ең бастысы — халқымыз аман, деніміз сау болсын. Ынтымағымыз артып, әр күніміз шаттыққа толы болғай», - деп бата берді ақсақалдар.

Шараға Ойыл ауданының әкімі Асқар Қазыбаев, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Арысұлан Айтбаев, QazaqGaz Aймақ Ақтөбе филиалының өкілдері қатысты. Айтты өтейік, бүгінгі күні Ойыл ауданының газбен қамтылуы 47,9%-ды құрап отыр. Биылғы жылдың аяғына дейін үлес 57,2%-ға жетеді.

АБАЙ ТӨЙІННІҢ ТАҒЫЛЫМЫ



Тамыз айының 7-8 жұлдызында Астана қаласында Қазақтың Ұлы ойшылы, философ Абай Құнабайұлының туғанына 180 жыл толуына орай тұңғыш рет қолға алынған еліміздің кітапханашы ақындарының жыр-мұшәрасына қатынасудың сәті түсті. ҚР ұлттық академиялық кітапханасының ұйымдастыруымен өткізілген бұл шараға еліміздің түкпір-түкпірінен 100-ге жуық кітапханашылар қатынасып, бақ сынады. Осы шара аясында бірнеше іс-шараларды көріп, рухани тағылым алдық. Алғашқы шара мемлекеттік тапсырыспен шығарылған «Абай жолы» романының кейіпкерлері және «Абай және оның өлендері» деп аталған жаңа кітаптардың тұсауы кесіліп, авторларымен сұхбат жүргізілді. Сондай-ақ, «Абай мұрасына жаңаша көзқарас» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның да оқырманға берген әсері ұшан-теңіз болды. Ұлы Абайды танушылар шет мемлекетте де өте көп екені, ол жақтағы халайықтың да біздің мақтанышымыз хакім Абайға деген зор құрметтерін білдірсе, алдағы жылдары «Абай институттары» және Қытай,Түркия, Моңғолия т.б мемлекеттерде «Абайтану орталықтары» ашылғалы отырғаны туралы ақпараттарға қанықтық. Көрнекті Абайтанушылар Т.Жұртбай, Ө.Асқар, С.Негимов т.б ұлы ақын туралы тың ақпараттар ұсынды. Тағы бір ерекше әсерлі шара «Жүрегім нені сезесің?» атты байқауға қатынасуды ақындардың поэзия сағаты да

жоғары дәрежеде ұйымдастырылып,ақындар өзара сырласып, өлендерін оқып ортаға салды.

Осы шаралар аясында Ғылыми академиялық кітапханаға орналасқан «Кітап мұражайына» саяхат жасауға мүмкіндік алдық. Қазақ даласына келген алғашқы қолжазбалар мен кітаптар тарихының хронологиясы өткен тарихтан сыр шертеді.Сонымен қатар, көрнекті әдебиет қайраткерлері Ө.Кекілбаев, Ф.Оңғарсыноваларға арналған залдардың да берер рухани өзіндік орыны бар екеніне көз жеткіздік. Осы байқауға қатынасқан барлық үміткерлерге Ұлттық Академиялық кітапхана басшысы К.Сейітованың «Алғыс хаты» табыс етілді. Барша қатысушылардың шығармалары Алматы қаласынан шыққан «Абайдың алып айдыны» атты жинаққа енді.

Маған Халықаралық «Абай» атындағы мәдениет пен өнерді қолдау қорының қоғамдық кеңесінің шешімімен Ұлттық руханиятқа сіңірген айрықша еңбегі үшін «АБАЙ» мерейтойлық медалы табыс етілді.

Сонымен екі күндік Ұлы Абайдың мерейтойына арналған шарадан ұзақ жылдарға жетер рухани азық алғандық қалың оқырманға жеткізе отырып, барша жерлестерімді Ұлы Абай мерекесімен құттықтаймын! Ұлы хакім, әлемдік деңгейдегі ойшылды насихаттау үнемі басты назарда болса деген тілегімді жеткіземін!

Гүлайым ҚАПЛИЕВА,
Ойыл аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі.

БАЛАЛАРДЫҢ ЕНШІСІНЕ ЕКІ АЛАҢ

«Бала ойынмен өседі» демекші, ойындардың бала тәрбиесіндегі рөлі ерекше. Ол – бірнеше ұрпақтың керегіне жарап, оларды өмірге әзірлеу қажетін өтеген, сыннан өткен сенімді тәрбие құралы. Ойын жігерлілікке, шыдамдылыққа, және ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Сондай-ақ балалардың ойлау қабілеттерін дамытады. Демек, ойын ойды да дамытады.

Сондықтан, әкімдердің әртүрлі деңгейдегі тұрғындармен кездесуінде айтылған ұсыныс-пікірлер негізінде өткен жылы Ойыл селосының екі аймағында балалар ойын алаңы мен спорт алаңын салу жоспарланған еді. Жоспардың «жемісі» көп күттірген жоқ. Өткен аптада белгіленген жерде балаларға арнап жаңа спорт және ойын алаңы салынып, пайдалануға берілді.

Екі алаңның да ашылу салтанатына аудан әкімі Асқар Қазыбаев және ауыл ағалары мен ақ жаулықты әжелер қатысып, бүлдіршіндер мен жас

спортшылардың қуанышын бөлісті.

– Еліміздің келешегі – бүгінгі ойын балалары. Сондықтан да біз көп жағдайда олардың талап-тілегімен санасып, сұранысын қанағаттандыруға тіпті ересек адамдардың өзі демалатын алаңдарды көптеп салуымыз керек. Ойын алаңына орналастырылған жаңа жабдықтардың барлығы жоғары сапалы және біздің тарапымыздан балалардың жан-жақты қауіпсіздігі де ескерілді, – деді аудан басшысы.

Спорт алаңы Ойылдың күн батысындағы жаңа құрылыс аймағында жаңадан салынып жатқан мектептің қасынан салынды. Бұл аймақтың тұрғындары негізінен «үлкен үйден» еншісін алып, жаңадан баспаналарын тұрғызып жатқан жас отбасылар екенін ескерсек, шешімнің өміршендігіне көз жеткізгендей боламыз.

-Еліміздің көркейіп болашақта өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен



көрінеді. Жастардың спортпен шұғылдану арқылы денсаулығын нығайту, дені сау, жаны таза, қозғалыс ептілігі мен дағдылары жетілген, салауатты өмір салтын сақтайтын тұлға болуына септігін тигізсе, - деген Төлеген атаның тілегі де көпшіліктің көкейіндегі ойды деп басты.

Ал, ойылдықтар «22 үйлік» атап кеткен тұйықтағы тұрғындардың балаларына қуаныш сыйлаған ерекше ойын алаңы «Халыс қатыстын бюджет» жобасы арқылы сол аймақтағы тұрғындардың ұсыныс-тілектеріне сай жасалды. Балалардың демалыс орнында заманауи үлгіде сапалы материалдардан жасалған өткеншек, сырғанақтан бастап жеткіншектердің спортпен шұғылдануына жағдай жасалған. Үлкендерге арналған орындықтар да қойылыпты. Жан-жағы қоршалған балалар ойын алаңында қоқыс салатын жәшік те бар. Кезек-кезек мініп, мез-мәйрам болған балалардың қуанышында шек жоқ.

-«Ата-ана үшін баласының

қуанышты жүзін көруден, олардың шаттанған әрбір сәтінде куә болудан асқан кандай бақыт бар?!» - деп тілегін түйіндеді «Қазақ аналары – Дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігі Ойыл аудандық филиалының төрайымы Зоя Дауылбаева балалар ойын алаңының ашылу салтанатында. Ата-аналар болса, тілектеріне құлақ асып, қолдау білдірген ауыл азаматтарына және алаңның құрылысын қысқа мерзімде аяқтаған «Dinmukhammed» ЖШС-іне алғыстарын жаудырды.

Р.С Бір айта көтерлігі, өкі алаңның құрылысына аудандық бюджеттен атулы бағдарламалар арқылы 24110 мың теңге жұмсалды. Спорт алаңының құрылысын «Асыл арна» компаниясы 45 күнде бітіріп, балалардың игілігіне ұсынды . Бұл спорт алаңының бір ерекшелігі жазда футбол, баскетбол ойнауға мүмкіндік берсе, қыста мұз айдынын жасап, хоккей корты қылып пайдалануға болады.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.



АЛИМЕНТ ТӨЛЕМЕГЕН - ЖАЗАҒА ТАРТЫЛАДЫ!

Баланы асырау – ата-ананың заңмен бекітілген міндеті, бұл жерде ата-ананың некеде болуы, азаматтық некеде немесе ажырасқан болуы маңызды емес. Қазіргі таңда елімізде жауапкершілік танытпайтын ата-аналардың баласына төлемей жүрген алименті үлкен мәселелердің бірі болып отыр. Алименттер ай сайын ата-анасының еңбекақысынан немесе өзге табысынан заңмен белгіленген мөлшерде төленуі тиіс.

Атап айтқанда, 1 балаға – табысының төрттен бір бөлігі, 2 балаға – табысының үштен бір бөлігі, 3 және одан да көп балаларға – табысының тең жартысы төленеді. Жұмыс істемейтін борышкердің төлеуі міндетті алимент мөлшері ҚР орта жалақы мөлшерімен есептеледі. Құзырлы органдар тарапынан небір амалдар жасалып жатса да, өзгенің тәрбиесінде қалған баласына қарайласпақ түгілі халін сұрамайтын әкелердің саны азаяр емес. Ауданда алимент төлеу-

ден жалтарып жүрген борышкерлерге қатысты жұмыстар, яғни жұмыссыз борышкерлерді жұмысқа орналастыру, бережағы көп борышкерлерді әкімшілік жауаптылыққа тарту, олардың атына тіркелген жылжытын және жылжымайтын мүліктерге тыйым салу жұмыстары жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 669-бабына сәйкес сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау – жеке тұлғаларға – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді. Сондай-ақ, борышкерлер өз міндеттеріне аса жауапкершілікпен қарап, алиментін уақытылы төлеуге міндетті екендігін, бұл талаптар орындалмаған жағдайда оларға қатысты заңмен әкімшілік және қылмыстық жауаптылық көзделгенін естен шығармауы қажет.

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ПРОКУРАТУРАСЫ

КІМГЕ ГРАНТ КӨП, КІМГЕ ЖҰМЫС ЖОҚ: ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА АХУАЛ ҚАНДАЙ?



Биылғы науқан жастардың мамандық таңдауы мен еңбек нарығы сұранысы арасындағы алшақтықты айқын көрсетті. Кейбір мамандық бойынша бір орынға 30-дан астам талапкер үмітті болса, ел экономикасы үшін аса маңызды техникалық, педагогикалық және ауыл шаруашылығы бағыттарына қызығушылық төмен болды. Осы мәселелердің себеп-салдарын талдап көрсек...

Ең сұранысқа ие мамандар кімдер? Қазіргі таңда техникалық және педагогикалық бағыттағы мамандардың жетіспеушілігі ең өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бұл тапшылықтың ауқымын айқын көрсетеді. Ғылым және жоғары білім министрлігі мәліметінше, 2030 жылға дейін ел экономикасына шамамен 883 295 білікті маман қажет болады. Оның ішінде: инженерлік және аграрлық бағытта – 529 977, педагогикалық салада – 185 491, гуманитарлық, бизнес, қызмет көрсету және өзге салаларда – 167 826 маман қажет. Бұл көрсеткіштер техникалық және педагогикалық мамандықтардың еңбек нарығындағы маңызын анық көрсетеді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты жұмыспен қамту департаментінің бас сарапшысы Адина Құлбаева қазіргі кадр тапшылығының ауқымын былай сипаттады: - Қазіргі таңда бір мезгілде екі қарама-қайшы құбылыс

сарапшы. Сонымен бірге ол болашақта тек техникалық мамандар ғана емес, әлеуметтік салаларға да жоғары сұраныс сақталатынын айтады. Орта мерзімді болжам бойынша, 2035 жылға қарай білім беру саласына – 447,7 мың, ал


аңғартады. Жастар таңдауы мен еңбек нарығының алшақтығы Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, 2024–2025 оқу жылына қабылдау қорытындысы жастардың қай мамандықтарды көбірек таңдайтынын айқын көрсетті. Мәселен, стоматология мамандығына бір орынға 35 талапкер таласқан. Сондай-ақ халықаралық қатынастар, аударма ісі, психология және заң салалары бойынша да конкурс жоғары деңгейде болған. Ал еңбек нарығында аса қажет мамандықтар жастар арасында қызығушылық тудырмай отыр. Мәселен, химиялық инженерия (0,14), мал және өсімдік шаруашылығы (0,12–0,14), мектепке дейінгі оқыту (0,10) және балық шару-

дығы бойынша жұмыс істеуге міндетті. Егер бұл талап орындалмаса, мемлекет оқуына кеткен шығынды қайтаруды талап етеді. Түлектердің жұмысқа орналасуын бақылауды «Қаржы орталығы» жүргізеді. Әр университет бітірушілерді жұмысқа жолдайтын арнайы комиссия құрады. Биыл да оқуын аяқтағандар 1 қыркүйекке дейін жұмысқа орналасуы тиіс. Бұрын тек мемлекеттік мекемелерге жұмысқа тұру міндеттелсе, қазір жеке секторда еңбек етуге де мүмкіндік бар. Жұмыс істеген кезең толық есепке алынады, ал түлек үш жылды толық өтемесе, тек жұмыс істемеген мерзімге сәйкес шығынды өтейді. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Жанна Есинбаеваның айтуын-

Қоғамда жиі қойылатын тағы сауалдың бірі – Мамандықты ауыстыруға бола ма? Бұл мәселе бойынша Ғылым және жоғары білім министрлігінен сұрап білдік. Министрлік өкілдерінің түсіндіруінше, заң бойынша мемлекет азаматтарға бір деңгейде (колледж, бакалавриат, магистратура және т.б.) тек бір рет тегін оқу мүмкіндігін береді. Егер сіз грантпен бір деңгейде білім алып қойсаңыз, екінші рет сол деңгейде тек ақылы негізде ғана оқи аласыз. Бұл талап мамандығын өзгерткісі келетіндер үшін қайта даярлау немесе бейімдеу курстарының маңызын арттырады. Өйткені жаңа бағытқа қайта түсіп, толық оқу орнына барудың орнына қысқа мерзімді қайта даярлау арқылы да қажетті біліктілік алуға болады. Қандай мамандықтар жойылуы мүмкін?

Еліміздің өңірлерінде қазір Жаңа мамандықтар атласы жасалып жатыр. Бұл - еңбек нарығының болашағын болжауға мүмкіндік беретін маңызды жоба. Атлас тек жаңа мамандықтар мен трендтерді ғана емес, жойылып кету қаупі бар салаларды да анықтап отыр. Бүгінгі күні 9 өңірлік Атлас әзірленіп, онда 50-ден астам дәстүрлі мамандықтың жойылу немесе түбегейлі өзгеру қаупі бар екені көрсетілді. Мәселен, Ақтөбе, Жамбыл, Жетісу және Қарағанды облыстарының Атластарында өндірісті автоматтандыру, роботтандыру, жасанды интеллект пен үлкен деректерді талдау сияқты технологиялық өзгері-

лықты жұмыспен қамту департаментінің бас сарапшысы Адина Құлбаева болашақта сұранысқа ие болатын жаңа бағыттарды да атап өтті. - Алдағы жылдары ең көп сұранысқа ие мамандықтар – деректер және цифрлық шешімдер мамандары (Data Science, DevOps, аналитиктер), робототехника және мехатроника инженерлері, «жасыл» энергетика мен экология саласының мамандары, сондай-ақ «ақылды» инфрақұрылым дизайнерлері болады. Бұл - тек IT немесе техникалық бағыттар ғана емес, экономиканың барлық саласын қамтитын кешенді өзгерістер, – деді ол. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Жанна Есинбаева Атласың негізгі мақсатын түсіндірді. - Жойылып бара жатқан және түрленіп жатқан мамандықтарды анықтау – кадр даярлау жүйесін дұрыс бағыттаудың маңызды бөлігі. Атлас жастарға болашақта қай салада жұмыс табу оңай болатынын және қандай мамандықтарға сұраныс артып келе жатқанын түсінуге көмектеседі, – дейді ол. Сараланған грант жүйесі қалай жұмыс істейді? 2024 жылдан бастап кейбір жоғары оқу орындарында жаңа сараланған грант жүйесі енгізілді. Бұл гранттың ерекшелігі – оқу ақысының белгілі бір бөлігін мемлекет төлейді, ал қалғанын студент немесе оның ата-анасы өзі өтейді. Ғылым және жоғары білім



денсаулық сақтау саласына – 240,4 мың жаңа маман қажет болады. Ғылым және жоғары білім министрлігі бұл қажеттілікті ескере отырып, мемлекеттік гранттардың негізгі бөлігін дәл осы бағыттарға бөлгенін хабарлады. Министрлік өкілі Жанна Есинбаева атап өткендей: - Инженерлік-техникалық бағыттарда кадр тапшылығы өндіріс орындарында айқын сезіледі. Педагогикалық мамандықтар да ерекше сұраныста, әсіресе ауыл мектептерінде мұғалімдер жетіспейді. Сол себепті мемлекеттік гранттардың 81%-ы осы екі бағытқа

ашылығы (0,06) сияқты бағыттарда бір орынға үміткерлер саны өте төмен болған. Грант бөлу және шекті балл Биыл мемлекеттік гранттардың негізгі бөлігі техникалық және педагогикалық бағыттарға бөлінгенімен, талапкерлер арасында шекті балл жүйесіне қатысты түсінбеушілік көп. Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, гранттардың 81%-ы дәл осы салаларға бағытталды. Алайда кейбір ұлттық және жекеменшік университеттер (ЕҰУ, ҚБТУ, SDU және т.б.) талапкерлер үшін 90–100 балл аралығында ішкі шекті балл енгізді. Көптеген талапкер бұл шекті балл мемлекеттік гранттан айырылып қалу қаупін туғызады деп түсінді. Алайда «Білім туралы» заңға сәйкес, әрбір жоғары оқу орны қабылдау ережелерін өзі бекітеді және ішкі шекті балл талапкердің мемлекеттік грант алу құқығын шектемейді. Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Жанна Есинбаева бұл жүйенің мақсатын түсіндірді. - Шекті балл – талапкерлердің білім сапасын арттыру үшін енгізілген. Университеттер грантқа ие болған студенттерге қосымша емтихан қоюға немесе өздерінің ішкі шекті балын белгілеуге құқылы. Бірақ бұл талапкердің мемлекеттік грант алу құқығын шектемейді, – деді ол.

Мемлекеттік грант және үш жылдық міндет: түлекке қойылатын талаптар Мемлекеттік грантпен білім алған студенттердің оқуын бітірген соң мамандығы бойынша міндетті түрде үш жыл жұмыс істеуі – еліміздегі кадр тапшылығын шешудің және еңбек нарығындағы теңгерімді сақтаудың маңызды тетігі. Бұл талап мемлекет бөлген қаржыны тиімді пайдалану ғана емес, жастардың алған білімін нақты тәжірибеде қолдануына жағдай жасайды. Дегенмен бұл тәртіп қоғамда жиі талқыланып, оны бақылау мен толық орындалу мәселелері әлі де өзекті болып отыр. Түлектер оқуын аяқтағаннан кейін үш жыл бойы маман-

ша, бұл жүйе еңбек нарығына жаңа мамандарды тартудың тиімді құралы болып отыр. - Түлектердің мамандығы бойынша жұмыс істеуі мемлекет қаржысын тиімді пайдалануға және жастардың алған білімін тәжірибеде қолдануына мүмкіндік береді. Университеттер жыл сайын арнайы комиссия құрып, бітірушілерге жұмысқа жолдама береді. Міндеттің орындалуы зейнетақы аударымдары арқылы бақыланады. Бұл талап гранттық жүйенің тұрақтылығын сақтап, кадр тапшылығын азайтуға ықпал етеді, – дейді ол. Соңғы үш жылда, яғни 2022–2024 жылдары, грантпен оқыған 168 мыңнан астам түлек оқуын тәмамдады. Оның ішінде 60 мыңнан астамы жұмыс істеп жүр, 619 түлек үш жылдық міндетін толық орындап шыққан, ал 42 мыңға



стер көптеген дәстүрлі мамандыққа әсер ететіні анықталған. Алдын ала болжам бойынша, мұнай-газ, тау-кен металлургия кешені, көлік пен логистика, энергетика, өңдеу өнеркәсібі мен машина жасау, IT, ауыл шаруашылығы, сондай-ақ креативті индустрия мен туризмнің кейбір бағытта-

министрлігінің мәліметінше, биыл барлығы 300 сараланған грант бөлінді. Нақтырақ айтқанда, педагогикалық ғылымдар – 150 орын, әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат – 150 орын. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Жанна Есинбаеваның айтуынша, сараланған грант иегерлеріне де мемлекеттік грант алған студенттер сияқты талап қойылады.

- Оқу бітірген соң олар мамандығы бойынша жұмыспен өтеуі тиіс. Бұл талап оқу мерзіміне қарай есептеледі, – деді ол. Министрліктің ақпаратына сәйкес, мемлекеттік білім беру тапсырысы үш жылға бекітілген және ресми ақпараттық ресурстарда жарияланған. Сарапшылар жастардың кәсіби таңдауы мен еңбек нарығы арасындағы алшақтықты тек грант санын арттыру арқылы шешу мүмкін еместігін айтады. Бұл бағытта техникалық және педагогикалық мамандықтардың беделін көтеру, мектептен бастап кәсіби бағдарлауды күшейту және қайта даярлау жүйесін жетілдіру маңызды болып отыр.

Жаңа мамандықтар Атласында көрсетілгендей, технологиялық өзгерістер дәстүрлі салалардың бір бөлігін өзгеріске ұшыратып, жаңа бағыттарға сұранысты арттыра түседі. Сондықтан еңбек нарығының нақты сұранысына бейімделген кадр даярлау мен қайта оқыту тетіктерін жетілдіру – алдағы жылдары назар аударуды қажет ететін басты бағыттардың бірі.

Венера ЖОЛАМАНҚЫЗЫ,
kaz.inform.kz

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ КОНКУРС ДЕНГЕЙІ ЕҢ ТӨМЕН МАМАНДЫҚТАР		
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТОБЫ	МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫ	1 ОРЫНҒА КОНКУРС САНЫ
ХИМИЯЛЫҚ ИНЖЕНЕРИЯ ЖӘНЕ ПРОЦЕСТЕР	1068	0,14
МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ	524	0,14
БАСТАУЫШТА ОҚИТУ ПЕДАГОГИКАСЫ МЕН ӨДІСТЕМЕСІ	200	0,13
ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫ	190	0,12
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚИТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ	1445	0,10
КӨЛІКТІК ИМАРАТТАР	283	0,09
БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ	180	0,06
КОММУНИКАЦИЯЛАР ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР	200	0,06
ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУ	610	0,06
МАТЕРИАЛДАР ӨНДІРІСІ (ШЫНЫ, ҚАҒАЗ, ПЛАСТИК, АҒАШ)	220	0,04

байқалады – жұмыссыздық деңгейі бар болғанымен, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, көлік, ауыл шаруашылығы, энергетика және IT салаларында білікті мамандардың тапшылығы қатты сезіледі. Экономиканың технологиялық құрылымы өзгеріп келеді. Осыған байланысты 3,5 млн астам жұмысшыны қайта даярлау қажет болады, – дейді

бағытталды. Өңірлерде кадр жетіспеушілігінің ең жоғары деңгейі Алматы, Астана және Шымкент қалаларында байқалады. Орта мерзімді жоспар бойынша 2035 жылға қарай тек осы үш мегаполистің өзіне шамамен 869 мың жаңа жұмысшы керек болады. Бұл еңбек нарығындағы дисбаланстың алдағы онжылдықта күшейе түсуі мүмкін екенін

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ КОНКУРС ДЕНГЕЙІ ЕҢ ЖОҒАРЫ МАМАНДЫҚТАР		
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТОБЫ	МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫ	1 ОРЫНҒА КОНКУРС САНЫ
СТОМАТОЛОГИЯ	20	35,00
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ДИПЛОМАТИЯ	130	11,87
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ	517	10,71
АУДАРМА ІСІ	226	9,76
ПСИХОЛОГИЯ	260	9,21
МОДА, ДИЗАЙН	185	8,78
ҚҰҚЫҚ	210	8,25
ШЕТ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ	25	7,84
КӨРКЕМ ЕҢБЕК ЖӘНЕ СЫЗУ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ	90	7,80
КРИПТОЛОГИЯ	32	7,50

жұық түлек жаңда көрсетілген себептермен жұмыспен өтеуден босатылған. Мамандықты ауыстыру мүмкін бе?

ры алдағы жылдары толықтай өзгеруі немесе жойылып кетуі мүмкін. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ха-

АЙ ЖЕРДІ ЖЕТЕЛЕП ЖҮРЕДІ

– Қайдан келесіз, ата?
– Ешқайдан.
– Қайда жиналдыңыз?
– Ешқайда.
– Аузыңызға «ештен» басқа сөз түспеді-ау, қария?
– Еш болған уақыт, қорлықпен өткен өмір. «Еш» демегенде «ес» дейін бе енді? Өлде бәрі «кеш» дегенім жөн бе?
Мен езу тарттым.
– Еш, ес, кеш... сөздеріңіз ұй-қасып кетті, ақсақал.
– Мені мұндағы жұрттың бәрі біледі. Анау қызыл жағалы сақшылар да біледі. Мен – ақынмын.
– Ақынмын?..
– Не, ақын көрмеп пе едің? Иә, ақынмын. Бір кітапты толық толтыратын өлеңімді қолды қылып, ақындығымды дәлелдей алмай дал ұрып жүрген бейбақпын. Өлеңдерімді ұрлаған сұмды білемін мен. Білгенде қандай?!. Менің кітабымды өз атынан шығарып шалқып өмір сүріп жүр оңбаған. Қатыны – бір кездегі мен сүйген сұлу еді. Сүйгенімнен айырды, тағымнан тайдырды, өлеңдерімді жымқырды. Пешенеме жазылған жазуды тұтастай көшіріп алып, бақ-тәлейімді ұрлады. Сұмырай!
– Ол өзі өмірге сізді тонау үшін келген бе, барыңызды қалдырмай сыпырыпты ғой?
– Сыпырып-сыырып түгел әкетті, сыбылыш!
– Ұрлығын мойындатып желкелеп сотқа апармадыңыз ба?
– Сотты айтпа, інім. Соты құрысын! Сот соның сойылын соғады. Дүмі мықты оның.
– Түбі бір әділдік болуы керек қой?
– Әділдік жоқ, әділдік өліп қалған.
«Әділдік өліп қалған» дегенді бәсең дауыспен айтқан ол: «Сен өзі құлағыңды бері әкелші» деп менің құлағыма жабыса кетті. Маңайдағы көптің дабыры басты, бәлкім, дабырға жұтылған сыбыр естілмеді – түк ұқпасқа да мен шалдың түкірігі шашыраған аузына құлағымды тосып отыра бердім. Ұзақ сыбырдан соң шал:
– Ұқтың ба? – деді. Мен:
– Ұқтым, – дедім.
– Ұқсаң жүр, ақын ағаңа асханадан жүрек жалғар бірдеңе алып бер.
Автобектің асханасына кірген бетімзде: «Өмірі қорлықпен, аштықпен өтіп жатқан ақын ағанды тамаққа бір тойдыршы», – деп оңашалау орынға асыққан шал терезенің түбінен бос үстел тауып алды да, теріс қарап отыра кетті.
Мен кезекке тұрып, екеуімізге мол қылып палау мен ыстық сорпа, бір аққұман шай, қара қазанның түбінен май жұтып жаңа ғана шыққан үйеме табақ бауырсақ алғам. Кас-садағы қыз осының бәрін есептеп тұрып, ту сыртымен отырған серігіме қарап басын шайқады...
Ас алдына келгенде ақын шал алақанын ысқылап мені алқай жөнелген:
– Әй, көп жаса, ғұмырлы бол! Өзің бір қолы ашық, мырза жігіт екенсің!
– Барымыз осы болды, ақсақал.
– Ө-ә, осының өзіне қанағат. Қаламақыны уыстап шашып, шайқап жүрген құндер көзден бұл-бұл ұшты ғой... Ол кезде алдымыздан қайтқан икра мен армян коньякін ит жеп, ит ішіп жататын. Сонадайда көзінің қиығымен қарап бір бикеш отырады. Оның столына бір шампан атасың. Соңынан тряли-вали: би, вальс... құмарла-

на құшысып, құныға сүйісу...
Коньяк демекші... – Шал тамақ үстіндегі әңгімесінен кенет тиылып, маған нәумез қарады:
– ...Коньяк демекші, ақын ағаңа тамақ жібітер бірдеңе әкелмепсің ғой, інім?
– Асханада сата ма?
– Бұл асханада қазір есектің етін де сатады. Анау бөксесі белінде дөңгеленген жуан қатынды көрдің бе, соның дүниеде сатпайтыны жоқ. Коньякті қайтесің, оны қалтаң да көтере қоймас, маған «Распутинен» біреуін әкел. – Шалдың «Распутині» бөтелкедегі жарты литрлік арақ екен.
– Бұ Распутинің жігіттің сойқаны болған, – деп шал бөтелкенің сыртына суреті шапталған қауға сақалдыға қарап отырып әңгіме бастады. – Ақ патшаның қыз, қатынын түгел бауырынан өткізіп сарайда сайран салған мәттақым. Бірде сәуегей, бірде емші болып ел адақтаған кезбе неме Ресейдің халқын жынды қылып жібере жаздапты заманында. Адам арбайтын сиқыршы болған бұл сайтан.
– Ақын достарыңыз көп болған шығар, сіре?
– Болды ғой... талай іштік.
– Мұқағалиды көрдіңіз бе?
– Көргенің не-ей, құшақтасып бірге жүрдік қой. Ойбо-ой, Мұқан тұра қалып өлеңді суырып салатын. Бірде әбден қызуымыз, студент қыздар тұратын жатақхананың тұсынан өтіп бара жатыр едік, Мұқан құлашын жайып жіберіп, балконда тізілген лыпалар туралы тақпақтата жөнелгені. Қу бала, сен де білесің ол тақпақты. Тақпақты табан астында шығарған – Мұқағали, оны жұртқа таратқан мына менмін.
– Төлегенмен таныстығыңыз болды ма?
– Қай Төлеген?
– Айбергенов Төлеген.
– Ә, Төкең бе? Төкеңмен де талай стақан қағыстырдық қой.
– Төлегеннің сырт келбеті қандай еді?
– Қағылез қара торы жігіт болатын.
– Төлеген ақын сағыныштың сазына бөленіп өмір сүрген сияқты..
– Иә, туып-өскен ауылын өлердей сағынып жүретін ол.
– Сайын Мұратбеков қандай жазушы?
– Мықты дейді ғой. Бірақ онымен өз басым бөтелкелес боп көрмеппін.
– Оралхан Бөкеев ше?
– Кекірейіп жан пендені мен-сінбейді дейді. Ақын-жазушылардан басқа бір ортамен араласады екен. Сол ортада ғана ішетін көрінеді.
– Ақын-жазушының бәрі іше ме?
– Ауру-сырқаудан аمانы тегіс ішеді. Ішпексе бола ма? Шабит ішкенде келеді.
– Сайын Мұратбековтің Үшқарасы мен Ешкіөлмес тауын алыстан көріп өстім.
– «Ешкіөлмес» дейсің бе? Ешкі жайылатын жердің шөбі құнарлы болады. Ешкі таудың тасын жарып шығатын шөпке құмар.
– Алматыға келер алдын-да Асқар Сүлейменовтің «Адасқағын» оқыдым.
– Асқар «Адасқақта» өзі туралы жазған. Өзі де адасып өмір сүрді.
– «Адасқақта» Біржан мен Ақан, Абай мен Біржан туралы баяндалады ғой.
– Сен, інім, менен көп білемін

деп отырсың ба? Жазушы кімді жазса да алдымен өзін жазады.
– А-а, солай ма?
– Солай.
– Өлеңдеріңізді қалай ұрлаттыңыз?
– Мен қолыма қалам ұстағаннан өкіметке қарсы өлеңдер жаздым. Қазір ғой, әркім аузына келгенін көкіп жүр. Осыдан он, жиырма жыл бұрын өкіметке өзеуереп бірдеңе деу мүмкін емес-тұғын. Міне, сол кезде мына алдыңда отырған ақын ағаң сұмдық өлеңдер жазып жатты. Өлеңдерімінің өткірлігінен қорқып баспа басшылары бастарын ала қашатын. Алайда өлең шіркін ақынның қойын дәптерінде қона-түстеніп жата бересін бе – елге тарайды. Менің де өлеңдерім ептеп ел ішін аралай бастаған. Соны біліп көре алмаған ақындар ізіме салпаңқұлақты салыпты. Бәсе деймін-ау, қайда барсам да көлеңкемдей көшіп қыр соңымнан кезде жансыз неме менің өлеңдерімді үптеп апарып тапсырыс берушінің қолына тигізіпті. Сосын анау... кейбір жолдарын өзгертіп, қайсыбір тұсын жұмсартып, тақырыбын ауыстырған болып менің жан жүрегімнен үзіп жазған жырларымды газет-журналдарға өз атынан бұрқытты. Жинақтап кітап та шығарып алды. Ақшаға да кенелді, сыйлықтарды да иеленді.
Ақын шал «Распутинді» орталап тастаған. Мен тағы да тіске басар болсын деп, тұзды суға бөккен қияр мен қуырылған қозықұйрық алып, дастархан басына оралдым. Шал шалқыды. Өлеңін ұрлатқанын, өмірдегі екіншіін ұмытып, қиярды қарш-қарш шайнап, қозықұйрықтан құлшына асап, артынан қырлы стақандағы арағын төңкеріп тастап отырды. Мені құрдашындай қағытып, кейінгі сөзді жас пен көрінің арасында аса жараспайтын әңгімеге де бұрған.
– Өрімдей жас жігіт екенсің, қыздарға қырғидай тиіп жүрген шағың-ау қазір?
– Жоқ-а! Қыз қарамайды маған.
– Неге қарамайды?
– Қыз-қырқынға қырсызбын.
– Қырсызбын деме, қырында-саң ұрғашының ыңғайға көнбейтіні кем.
– Соны білмейді екем.
– Менің ерке-шолжаң өскен қызым бар, таныстырайын ба?
– Қойыңыз, ақсақал, ұят болады.
– Сен күбіжіктемей шыныңды айт, таныстырайын ба? Танысқың келеді ғой, шыныңды айт?
– Сәті түссе танысармыз.
– Сен оны көрсеп құмартып, ынтық боп қаласың. Қаланың қызы. Ерте пісіп жетілді.
– Ақсақал, әке деген қызы жайы бұлай айтпас болар.
– Айтамын.
Айтпасқа амалым кем. Сен оны көр, таныс. Әй, бірақ, керек емес, үйленбе.
– Маған үйленуге әлі ерте.
– Үйленбе. Бала да сүйме.
– Неге?
– Неге десең қатын – жау, бала – дұшпан. Қазіргінің баласы

әкесін қажап, ертерек өлтіру үшін туады. Баланың бар жақсылығы сол – сені сүйреп апарып ажалдың аранына тастайды. Болды, бітті. Тырапай асып жатсаң суық көрде. Осыны айтып шал томсарып ойға батты. Арақ буынын алды ма, көзі мөлііп едәуір үнсіз отыр да:
– Қайда туып, қайда өстім, білмеймін. Жерұйығымды іздеп бір жаққа кеткім келеді де тұрады. Мені мынау әрі-бері жолаушы тасыған автобустың бірі алмайды, отырғызбайды, – деді мұңайып.
– Тағы бір ашықауызды тапқансың ба? Тұр орныңнан! Асханаға кірген бойда бізге қарай тура салған шойқара жігіт келе шалдың желкесінен алды: – Апарып тастаған жерден қашасың да кетесің. Бол, тұр, қаңғыбас неме!
– Сіз кім боласыз? – дедім мен орнымнан қалтырай түрегіліп.
– Мен бе? – деп сұрады шойқара күжілдеп. – Мен – мына қаңғыбастың баласы боламын.
– Ол қаңғыбас емес, ақын ғой!
– А, бүгін ақын болып лақтырма? Өткенде композитормын деп сендей бір сарыауыздың тамағын жеп, арағын сарыққан бұл. Бұл, білесің бе, ауру, кезбе. Өзін кейде «Распутинім» деп шалықтайды. Бұның бойында адамды арбап алатын сиқыр бар. Сенің де біраз қалтаңды қаққан шығар? Бірақ мен оған жауап бермеймін, сұқиттың сөзіне сенген өзіңнен көр.
Шал жыламысырап баласының алдына түсті:
– Кетейінші, жіберіңдерші мені, көз көрмес, құлақ естімес жерге кетіп, қарамды батырайыншы.
Бұл – мен көрген Алматының алғашқы күні еді...
5 Шал ұлының алдына түсіп, «айдалып» кеткен соң, мен де айналамдағы анталаған көздерден тасаланғанды жөн санап, автобектің жолаушылары аузы мұрынынан ақтарылған күту залына өтіп, көптің ортасын жамылғы көрпедей көріп, сіңе бердім. Маған ешкім назар аударып, көзге іліп жатқан жоқ.
Менің де еш пенденің көзіне түскім жоқ. Ұйлығысқан топ үйме-жүйме боп келіп үстіме төне түскен сайын жаным кіреді: мені ешкім көрмесе екен деймін, қалың нөпір қағымалап, қаусыра түссе екен деймін.
Қоңыр чемоданымды алдыма еңгеріп, соның ішінен жіңішке-леп шыққан төтті, таныс иіске тұмсығымды төсеп отырып ұйықтап кетіппін – құлағымының ұшы ысып қоя бергені.
Бастапқыда ара шағып алды ма, әлде, осындай сапырылысқан ортада адам аяғымен араласып жүре береді деуші еді, атжалман тістеп алды ма деп, зәрем ұшқан: жоқ, алдымда ыржиып бір бала тұр.
Күледі. Мен сестеніп көзіме тура қарадым. Талай тентек бала менің көзімнің сұсынан тайқып кететін. Мынау да жанарын ала қашып, жалт берді. «Мұның менен дәті қайтып қалды, бұдан қорқуға болмайды» дедім ішімнен. Ол тағы да ыржиып күлді.
– Құлағыңды ара шағып алды ма?
– Жоқ, шыбын шағып алды.
– «Ара шағып алды» де. Мен шерткен құлақты ара шағып алғандай болады.
(Басы өткен сандарда. Жалғасы келесі санда)

КЕРЕК КЕНЕС

НЕЛІКТЕН БЖЗҚ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУГЕ КЕЛІСІМ СҰРАЙДЫ?

Қазір мемлекеттік немесе қаржылық қызметтерді алу кезінде азаматтардан дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім сұралады. Сол себепті БЖЗҚ Жеке кабинетіне алғаш кірген кезде сізден бір реттік келісім алады. – БЖЗҚ деректерді зейнетақы қызметтерін көрсету үшін пайдаланады; – Мәліметтерді құпия әрі қа-

уіпсіз түрде сақтайды; – Жеке деректер тек ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда беріледі.

КЕЛІСІМ БЕРЕ ОТЫРЫП:
– Құжат көшірмелерін ұсынбайсыз;
– Мәліметтер автоматты түрде жаңарып отырады;
– Қызмет көрсету жылдам әрі ыңғайлы болады.

ЕҢБЕК КІТАПШАСЫ КІМДЕРГЕ ҚАЖЕТ?

Бүгінде еңбек кітапшасы қажет пе? Зейнетақыны есептеу үшін еңбек өтілін кім және қалай растауы тиіс? Зейнет жасына жақындаған азаматтар үшін еңбек кітапшасының қажеттілігі туралы сұрақ өзекті болып қала бермек. Қазіргі таңда еңбек өтілі электронды форматта тіркеледі, алайда кейбір жағдайларда қағаз құжаттар да маңызды рөл атқарады. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің нормаларына сәйкес, еңбек өтілі еңбек кітапшасымен расталады. Егер еңбек кітапшасы болмаса немесе онда қажетті жазбалар жоқ болса, еңбек өтілі жұмыс туралы мәліметтерді растайтын құжаттармен немесе сот шешімімен белгіленеді. Со-

нымен қатар, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, еңбек қызметін растау ретінде міндетті зейнетақы жарналарының тұрақты аударымдарын көрсететін жеке зейнетақы шотынан алынған үзінді де қабылданады. 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда еңбек қызметінің электрондық есебі енгізілді. Еңбек шарттарының жасалуы мен бұзылуы туралы барлық мәліметтер Бірыңғай еңбек шарттарын есепке алу жүйесіне автоматты түрде түседі. Еңбек кітапшасын сақтау қажет пе? Жоғарыда айтылғандай, еңбек кітапшасы базалық және ынтымақты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін еңбек өтілін растауға қажет болуы мүмкін.

«ДӘМДІ, БІРАҚ ҚАУІПТІ!» КРЕМДІ ӨНІМДЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР



Кремді-кондитерлік өнімдер жоғары тағамдық құндылығымен және ылғалдылығының көптігімен ерекшеленеді. Бұл оларды өндіріс, сақтау және сату жағдайларына өте сезімтал етеді. Санитариялық нормалардың кез-келген кезеңде сақталмауы патогенді микроорганизмдердің тез көбеюіне, соның салдарынан халық денсаулығына елеулі қауіп төнуіне әкелуі мүмкін. Мұндай өнімдердің қауіпсіздігі сапалы әрі қауіпсіз шикізатты таңдаудан басталады. Өндіріс барысында бүліну белгілері бар, жарамдылық мерзімі өтіп кеткен немесе шығу тегі күмәнді өнімдерді пайдалануға қатаң тыйым салынады. Барлық ингридиенттер санитариялық-гигиеналық талаптарға сай болуы қажет. Сүт өнімдеріне, жұмыртқаға, майға, жемістер мен жаңғақтарға ерекше назар аударылуы тиіс. Дайын өнімдер тек тоңазытқыш жағдайында, +6 °C-тан жоғары емес температурада сақталуы керек. Температуралық режимнің сақталмауы - ішек инфекцияларын тудыратын бактериялардың белсенді өсуіне ықпал етеді. Кремді-кондитерлік өнімдердің сақтау мерзімі, құрамына және дайындалу технологиясына байланысты 24 сағаттан 72 сағатқа дейін. Белгіленген сақтау мерзімінен

асып кеткен өнімдерді сатуға рұқсат етілмейді. Өнімдерді орау және таңбалау да қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Әрбір өнім немесе өнім партиясы келесі шынайы ақпаратпен қоса жүруі тиіс: дайындалған күні мен уақыты, жарамдылық мерзімі, сақтау шарттары, құрамы, сондай-ақ болуы мүмкін аллергиялық реакциялар туралы ескерту. Бұл мәліметтердің болмауы немесе бұрмалануы заңнаманы бұзу болып табылады және тұтынушылар денсаулығына зиян келтіруі мүмкін. Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы ескертеді: кремді-кондитерлік өнімдерді өндіру және сату кезінде санитарлық талаптардың сақталмауы ауыр салдарға - тағамнан уланудан бастап, жаппай жұқпалы ауруларға дейін алып келуі мүмкін. Сондықтан, барлық өндірушілерді, сауда ұйымдарын және қоғамдық тамақтану орындарын санитариялық нормаларды қатаң сақтауға шақырамыз. Тұтынушылардан бұл өнімдерді сатып алу және тұтыну кезінде мұқият болуды сұраймыз.

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1330 дана. Тапсырыс 937 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ДӘСТҮР МЕН ӨНЕР ТОҒЫСҚАН ОУМАН ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ЖАЗҒЫ СПАРТАКИАДА ӨТТІ

ӨТКЕН БЕЙСЕНБІ КҮНІ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ АТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ СА-
ЯБАҚҚА ЖИНАЛҒАН ЖҰРТ АУЫЛДЫҢ СӨНІ МЕН САЛТЫН ДӘРІПТЕЙТІН ҮЛКЕН
МЕРЕКЕНІҢ КҮӘСІ БОЛДЫ. ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН
ӨТКЕН «АУЫЛ FEST - ОЙЫЛЫМ МЕНІҢ – ОЙДАҒЫ ЕЛІМ» АТТЫ АУҚЫМДЫ МӘДЕНИ-СПОРТТЫҚ ШАРА КӨРЕРМЕНДЕРДІ БІР АРНАҒА ТОҒЫСТЫРДЫ.



Мерекелік көңіл-күй қонақтар-
ды қазақы қонақжайлылықпен
қарсы алған «Этно-Ауыл»
алаңынан басталды. Өше-
кейлі оюлар, қолмен тоқылған
кілемдер, ата-баба мұрасын-
дай сақталған тұрмыстық
бұйымдар – бәрі ауылдың
өзіндік келбетін, елдік рухын
айшықтап тұрды. Әр қонақ
дастарқан басындағы дәмнен

ауыз тиді.
Кешкі салқын түскенде ауыл
шаруашылығы жәрмеңкесі қы-
зды. Жергілікті өнімдердің сан
түрі ұсынылды. Сөрелерде
дайындалған ірімшік пен құрт,
жергілікті бау-бақшаның жаңа
піскен жемісі мен көкөнісі
тізіліп тұрды.
Ал, көрмеде қолөнер ше-
берлерінің қолынан шыққан

кілемдер, жүннен тоқылған
кестелер, зергерлік бұйымдар
мен ағаш мүсіндер де жұрт
назарын өзіне аударды. Жәр-
меңкенің бір бұрышында ше-
берлік сағаттары өтсе, дәрі-
герлік кеңес беру бұрышында
мамандар тұрғындарға денсау-
лық жөнінде пайдалы ақпа-
рат беріп, тегін тексеру жүр-
гізді. Фестиваль сахнасынан
бөлек, алаңның бір шетінде
күш пен ептіліктің сайысы қы-
зып жатты. Жанкүйерлердің
айқай-шуы мен қошеметі ойы-
нға ерекше серпін берді.
Арқан тарту кезінде топ-топ
болып айқасқан жігіттердің
айқай-шуы, қошқар көтеруге
бел буған батырлардың қай-
раты, ләңгі тебудегі жеңіл қи-
мылдар мен мас-рестлингтегі
жігерлі тартыс – бәрі алаңға
нағыз жарыс рухын әкелді.
Өсіресе, қошқар көтеруде бақ
сынаған жігіттердің қайра-
ты мен төзімділігі көпшіліктің
ықыласына бөленді.
Сағат 21:30-да сахнада фе-
стивальдің ресми ашылуы
өтті. Ән мен би, күй мен жыр
кезекпен орындалып, Ойыл
аспанын әсем әуенге бөледі.
Жергілікті өнерпаздардың
өнері көрерменнің ыстық қо-
шеметіне ие болды.
Сахна төрінде сөз алған Ойыл
ауылдық округінің әкімі Рүстем
Сағынғалиев ауыл тұрғындары-
нын және қонақтарды мереке-
мен құттықтап, ауылдың бір-
лігін, мәдениеті мен дәстүрін
дәріптейтін мұндай шаралар-
дың ұрпақ тәрбиесіндегі орны
ерекше екенін атап өтті.
Фестиваль соңы мерекелік от-
шашумен аяқталды.

Г.АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

15 -16 ТАМЫЗ КҮНДЕРІ ҚАЙЫНДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ ЖАЗҒЫ СПАРТАКИАДА ЖОҒА-
РЫ ДЕНҒЕЙДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. СПОРТ КҮНІНЕ ОРАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН МЕРЕ-
КЕ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН СПОРТСҮЙЕР ҚАУЫМ ҮШІН ЕРЕКШЕ ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ.



Іс-шара Қазақстан Респу-
бликасының Әнұранымен
ашылып, аудан әкімі Асқар
Қазыбаев құттықтау сөз сөй-
леп, қатысушыларға сәттілік
тіледі. Сонымен қатар спорт
саласының дамуына елеулі
үлес қосқан азаматтар мен
жаттықтырушыларға аудан
және облыс деңгейіндегі ма-

рапаттар табыс етілді.
Спартакиада бағдарламасына
шағын футбол, волейбол, қол
күрес, аударыспақ, қазақша
күрес, үстел теннисі, гир тасын
көтеру, садақ ату, бес асық,
тоғызқұмалақ, асық ату сынды
ұлттық және бұқаралық спорт
түрлері енгізілді. Бұл сайы-
старда ауылдық округтерден

жасақталған командалар өза-
ра бақ сынап, күш пен ептілікті,
шеберлік пен табандылықты
танытты. Жарысқа Берсиев,
Көптоғай, Қайыңды, Ойыл,
Сарбие, Саралжын және Қа-
раой ауылдық округтерінің
командалары қатысып, ауыл
спортшыларының әлеуетін
айқын көрсетті. Жарыс нәти-
жесінде командалық есепте ІІІ
орын Ойыл командасына бұйы-
рса, ІІ орынды Қайыңды ко-
мандасы еншіледі. 207 ұпай-
мен алға шыққан Көптоғай І
орын иеленді. Жеңімпаздар
арнайы дипломдармен, ме-
дальдармен және бағалы сый-
лықтармен марапатталды.
Ойыл ауданында дәстүрге
айналған жазғы спартакиада
– салауатты өмір салтын на-
сихаттауға, жастарды спортқа
баулуға, ауыл спортының да-
муына серпін беретін маңыз-
ды шара болып табылады.



РАДИКАЛИЗМ — ТЕРРОРИЗМНІҢ БАСТАУЫ

Бүгінде әлемді алаңдатқан
экстремизм мен терроризм
мәселесі біздің еліміз үшін де
жат тақырып еместігі белгілі.
Жүздеген ұлттар мен этно-
стың, бірнеше дәстүрлі кон-
фессиялардың басын қосқан
еліміздің ерекшелігін теріс мақ-
сатта пайдаланғысы келетін
топтардың төбе көтермей
қалмасы да айқын. Осынау
бірлікке ұйыған жүздеген этно-
стардың ынтымақты мекеніне
айналған елдің тыныштығын
бұзғысы келетін топтар дінді
желеу етіп, дүйім жұртты дүр-
ліктіргені көңіл қынжылтады.
Алды-артын ойламаған кейбір
азаматтардың исламның атын
жамылған дінбұзар ағымдар-
дың арбауына еріп, ислам
құндылықтарын аяқасты етіп,
халықтың әбігерге салғаны,
расында, өкінішті жайт. Дін
ұғымы – адамзатты бақытқа
бастаушы, жақсылыққа же-
телеуші, санаға салмақты ой
салып, кемелдікке жеткізуші
институт. Бейбітшілік пен мейі-
рімділікті мақсат ететін, хәкім
Абайша айтқанда, адамзат-
тың барлығын бауырым деп
сүйеге шақыратын Ислам діні
қоғамның тұтастығына, елдің
бірлігіне сызат түсіруші кез
келген адами құндылыққа сай
келмейтін құбылыстарға түбе-
гейлі қарсы.
Асыл дініміз Ислам адамзат-
ты бейбітшілікке, татулық пен
бірлікке, ғылым-білімге, өза-
ра мейірімділікке насихаттай-
тын дін. Алла Тағала қасиетті
Құранның «Хужурат» сүресінің
13-аятында:
«Уа, адамзат! Сендерді Біз
әуелде бір еркек, бір әйелден,
бір ата, бір анадан өрбіттік.
Өзара қарым-қатынас жасап,
бір-біріңізді танысын деп
түрлі ұлт пен ұлыстарға бөл-
дік. Алла Тағала алдындағы
ең абыройлыларың – тақуа
болғандарың. Шын мәнінде,
Алла – барлық нәрсені толық
білуші, барлығынан толық ха-

бардар», – деп айтқан.
Бұл олардың бірлікте болуы-
на, адасып, түрлі жат ағым-
ның жетегінде кетпеуіне ба-
сты себеп болды. Ардақты
Пайғамбарымыз (оған Алла-
ның салауаты мен сәлемі бол-
сын) сахабаларын әркез бір-
лікке үндеп, жік-жікке бөлініп,
дұшпандық қылудан сақтан-
дырған хадисінде:
«Ұлық Алла Тағаладан
қорқыңдар! Егер сендерге құл
өмір болса да, оны тыңдаңдар
және оған бойұсыныңдар.
Расында, араларыңдағы көп
өмір сүргендер көп ұрыс-
керіске (фитнаға) тап бола-
ды. Сондықтан сендерге еш
ауытқымай менің сүннетімді
және дұрыс жолмен жүрген
діндар халифалардың сүн-
нетін ұстану керек», – деп ай-
тқан (имам Термизи).
Бұл хадисінде Алла Елшісі
(оған Алланың салауаты мен
сәлемі болсын) сахабаларына
дінді бұрмалаушы ағымдар-
дың шығатынын ескертіп әрі
олардан сақтанудың жолдары
баяндаған. Қазіргі күнде
де әр мұсылманның дінінде
берік болып, дінбұзар жат
ағымдардың жетегінде кету-
ден сақтанып жүруі аса маңы-
зды. Жат ағымның теріс наси-
хатына ермес үшін әрбір адам
мынадай амалдарға назар ау-
даруы тиіс:
Бірінші: дінді білім арқылы
тану
Жастарымыздың жат ағым
жетегінде кетуінің ең басты
себебі – діни сауатсыздық.
Діни сауаты төмен адамның
түрлі ағымдардың сөзіне еріп,
алдауына көніп қалуы оңай.
Алла Тағала ардақты Пай-
ғамбарымызға (оған Алланың
салауаты мен сәлемі болсын)
алғаш уахи етіп түсірген аят-
тарында:
«Оқы! Сені жаратқан Раббың-
ның атымен оқы! Ол адамды
ұйыған қаннан жаратқан. Оқы!
Раббың аса ардақты. Ол қа-

ламмен (хат жазуды) үйретті.
Адамға білмеген нәрселерді
білгізді», – деп оқуға бұйырды
(«Ғалақ» сүресі, 1-5 аяттар).
Бұл аяттардан оқудың, білім
алудың дініміздің ең басты та-
лаптары екенін ұғамыз. Жат
ағым өкілдері діни сауаты
төмен адаммен тілдескенде
қасиетті Құранның астарлы
мағынада келген аяттарын ті-
келей мағынада түсіндіріп не
қате бұрмалап талдау жасау
арқылы өз қатарына тартуға
тырысады. Сондықтан жат
ағым жетегінде кетуден сақта-
нудың ең негізгі жолы – діни
сауатты арттыру. Алла Елшісі
(оған Алланың салауаты мен
сәлемі болсын) хадис шәріп-
те:
«Білімді талап ету – әрбір мұ-
сылманға парыз», – деп, білім
алудың әрбір ер және әйел
мұсылманға міндет екенін айт-
қан (имам Ибн Мәжа).
Жат ағым – адам денесіндегі
дәрт іспетті. Қай жерде әлсіз-
дік болса, қай жерде сақта-
ну, алдын алу шарасы болма-
са, сол жерді дәрт мендейді.
Сондықтан әр азамат дұрыс
діни ақпараттармен өзінің
білімін күшейтіп, дінді сенімді
қайнар көздерімен үйреніп,
рухани сүзгі қалыптастырса,
теріс ағым ықпалынан сақта-
на алады.
Екінші: бірлікте болу
Біз – «Әһлу сүннет уәл-жа-
мағат» жолын, Матуриди
ақидасын, имам Ағзам Әбу
Ханифа мәзһабын ұстанып
келе жатқан халықпыз. «Әһлу
сүннет уәл-жамағат» деп ар-
дақты Пайғамбарымыздың
(оған Алланың салауаты мен
сәлемі болсын) сүннеті мен
мұсылман жамағатымен бірге
жүретін мұсылман үмбеті де-
ген мағынаны білдіреді. Алла
Елшісі хадис-шәріпте:
«Шын мәнінде, менің үмбетім
адасушылықта бас қоспайды.
Егер қарама-қайшылық көр-
сендер міндетті түрде қара

топпен (яғни көпшілікпен) біре-
ге болыңдар», – деген.
Қазіргі кезде әлемдегі сүн-
нет мұсылмандардың жарты-
сынан көбі Ханафи мәзһабын
ұстанады. Ал ханафиердің
басым көпшілігі имам Мату-
ридидің бір жүйеге келтірген
сенім негіздерін басшылыққа
алады. Біздің ата-бабалары-
мыз да Матуриди ақидасын,
Ханафи мәзһабын ұстан-
ды. Бір сенім, бір мәзһабта
болғаннан кейін дін мәселе-
сінде қазақ даласында та-
лас-тартыстар болған емес.
Біз де дініміздің өркендеуін,
қоғамымыздың тыныштығын
шынайы қаласақ, бірлікте
болуымыз қажет. Алла Таға-
ла қасиетті Құранның «Әли
Имран» сүресінің 103-аятында:
«Түп-түгел Алланың жібіне
(дініне) жабысыңдар да бөлін-
бөңдер», – деп, мұминдерге
бірлікте болуды бұйырған.
Денені құрайтын ағзалар бірі-
гіп дұрыс жұмыс жасағанда
ғана дене сау болатыны си-
лақты, қоғамның мүшесі сана-
латын адамдар өзара бауы-
рмалдық пен бірлікте болса,
қоғам өркендеп, гүлденеді.
Ұлт ұстазы Ахмет Байтұр-
сынұлы «Аққу, шортан һәм
шаян» мысал өлеңінің соңын:
Жігіттер, мұнан ғибрат алмай
болмаса,
Әуелі бірлік керек, болсаң
жолдас.
Біріңнің айтқаныңа бірің көн-
бей,
Істеген ынтымақсыз ісің оң-
бас, – деп түйіндеген.
Үшінші: дәстүрімізді құрметтеу
Ата-бабалымыздың сан ғасыр-
дан бері ұстанып келе жатқан
дәстүрлі дінін жоққа шығару,
салтымыз бен ғұрпымызды
мойындамау – жат ағым өкіл-
дерінің бойында кездесетін
жағымсыз әдет. Олар салт-
дәстүрімізді «бидғат» (дінге
кейіннен енгізілген жаңалық)
деп таниды. Ал расында Ис-

лам әлемдік дін болғандықтан,
ол адамзат қауымына ақиқат-
ты танытып, әрбір ұлт пен
ұлысқа өзінің салт-дәстүрін
сақтай отырып, ізгілік жо-
лымен жүруді насихаттайды.
Ардақты Пайғамбарымыз да
(оған Алланың салауаты мен
сәлемі болсын) араб халқы-
ның Исламға дейінгі дәуірдегі
шариғатқа қайшы келмеген
әдет-ғұрыптарының сол қал-
пында қолданылуына тыйым
салмады.
Тіпті Ханафи мәзһабында ша-
риғат ережесіне сай келген
ғұрып шариғи дәлеп ретінде
қарастырылады. Ғалымдары-
мыз бұған қатысты қасиетті
Құранның «Ағраф» сүресінің
199-аятындағы:
«Ғафу жолын ұста, ғұрыппен
өмір ет және надандардан
теріс айнал», – деген аятты
алға тартқан.
Айша (оған Алла разы бол-
сын) анамыздан мынадай
хадис жеткен: «Бірде Әбу Су-
фиянның әйелі Хинд Алла
Елшісіне (оған Алланың са-
лауаты мен сәлемі болсын)
келіп: «Әбу Суфиян – сараң
адам, егер мен оның рұқсатын
алмайтын болсам, ол маған
және бала-шағам жететін-
дей нәпақа бермейді», – деді.
Сонда ардақты Пайғамбары-
мыз (оған Алланың салауаты
мен сәлемі болсын):
«Өзіңе әрі балаңа ғұрыпқа сай
жететін нәрсені ал», – деп жау-
ап берді» (имам Бұхари, Мұс-
лим).
Бұл хадиске қатысты имам
Нәуәуи «Сахих Мұслим»
кітабына түсініктеме бер-
генінде: «Шариғатта нақты
айтылмаған мәселелерде,
салт-дәстүрге сүйену керек»,
– деп жазған.
Дана халқымыз діні мен
дәстүрін әркез қадірлеп,
осы екі қасиетті ұғымды ға-
сырдан ғасырға ұштастыра
білу арқылы Құдайға деген
құлшылығын жасап, дархан

мінезінен таймай, ұрпағын
ізгілікке тәрбиелеп келген.
Халқымыздың жадына сіңген
бұл екі қасиетті ұғымды еш-
кімнің жоққа шығарып, жат
пиғылын насихаттауына рұқ-
сат жоқ.
Қорыта айтқанда Шәкәрім
қажы Құдайбердіұлының: «Дін
адамды бір бауыр қылмақ еді,
Оны бөліп, дұшпандық қару
жасар», – деп айтқанындай,
жамағатты жік-жікке бөлу,
іштей ыдырату, өздерін ғана
шынайы мұсылман тұтып,
өзгелерді адасқан санау,
уағыз-насихаттарын жасырын
жүргізу – жат ағымның сипаты.
Расында, Алла Тағала барлық
адамдарды жаратқан иесін
тануға, оған шынайы құл-
шылық етуге, оның бұйырған
өмірлерін орындау мен тый-
ған тыйымдарынан алыстауға
шақырады. Алла Тағала қаси-
етті Құран Кәрімде:
«...Шектен шықпаңдар. Негізі-
нен Алла шектен шығушылар-
ды жақсы көрмейді», – деген
(«Бақара» сүресі, 190-аят).
Пайғамбарымыздың (оған Ал-
ланың салауаты мен сәлемі
болсын) хадисінде:
«Кім адамдарға жақсылық
жасаса, Алла соған мейірімін
төгеді. Жер басып жүрген
жандарға мейіріммен қа-
рандар, Алла да сендерге
рақымшылық жасайды», –
деген. Дана халқымыздың:
«Ауырып ем іздегенше, ауы-
рмайтын жол ізде», – деген
де нақыл сөзі бар. Сондықтан
Отанымызды сүйіп, дін, өр-
кеніет, толеранттылық және
болашақ жайлы дұрыс түсінік
қалыптасқанда ғана біз экс-
тремизм мен терроризмнің
алдын алуымызға болады.
Ал дінаралық толеранттылық
құндылықтарын бекіту және
экстремизмнің алдын алу аса
маңызды іс болып табылады.
**Бағдарлық қажы ҚЫЗЫРҰЛЫ,
Ойыл аудандық мешітінің
бас имамы.**